

Аябек БАЙНИЯЗОВ

ТҮРКІ ТІЛДЕРІ СӨЗДІКТЕРІНДЕ ЕТІСТІКТЕРДІҢ АТАУ СӨЗ РЕТИНДЕ  
БЕРЛІУ ЖАЙЫ

*В данной статье рассматривается проблема передачи глаголов в реестрах в нулевой форме, а также при помощи суффиксов -у, -мак, -ар в тюркоязычных словарях. Кроме того автор обращается к вопросу передачи некоторых форм глаголов в казахской лексикографии и высказывает личную точку зрения по данному вопросу.*

*Makalede Türk dilleri sözlüklerinde filler madde başı olarak alındığında bazen mastar eki olmadan, bazen -u, -mak, -ar eklenecek verildiği hakkında bahsedilmektedir. Yazar bunula birlikte Kazak sözlükçiliğinde fillerin nasıl bir şekilde kullanılmakta olduğunu ve bununla ilgili görüşlerini ortaya koymaktadır.*

Лексикографияғыныңда сөздікке лексикалық бірліктерді атау сөз (негізгі сөздік тұлға) ретінде қандай грамматикалық тұлғада беру туралы мәселе сөздік құрастырудың әрдайым негізгі, өзекті мәселелерінің бірі болыш қала береді. Әр тілдің өзіндік жүмсалу ерекшелігіне орай, негізгі сөздік тұлғаны таңдауда ескерілуі қажет шарттар бар. Басты шарттардың бірі – сөздікті пайдаланушыға сөздің түбір тұлғасы айқын көрінуі. Мәселен, етістіктер бүйрық рай тұлғасында: көңсі-, күлгенсі-, қажы-, қой-, той- жұмсалғанда, олардың толық грамматикалық құрылымы сақталатындығын көреміз. Егер сөздік тұлғада етістіктерді –у жүрнақты: көңсу, күлгенсу, қажу, қою, тою тұлғасында жұмсасақ, оның түбір тұлғасын тану қындыққа соғуы мүмкін. Мақаламызда қазақ және түркі тілдерінің сөздіктерінде етістіктердің қандай тұлғада берілші жүргендігі жайлы айта келіп, осы мәселеге байланысты айтылған шікірлер мен өз оймызды ортаға салдық.

Сөздік мақаланың құрылымы атау сөздің тұлғасына, оның грамматикалық қасиетіне тікелей байланысты болады. Сөздіктеге атау сөз түрінде көлтірілетін бірліктің *негізгі сөздік тұлғасы* болады. Бұл туралы М.Малбақов былайша жазады: «Негізгі сөздік тұлға (основная словарная форма, main entry word/ form of head-word) терминінің тезаурус бойынша анықтамасы: *сөздік бірімі, вокабула түрінде, сөздіктің сол жағында орналасқан сөздік тұлға*. Бұл термин сөздік бірімдердің категориялық белгісін білдіретін негізгі тұлғаны көрсетеді. Сол себепті тезаурустағы анықтама сәтті шыққан дең айта алмаймыз. А.Е.Карпович негізгі сөздік тұлғага: «сөздік мақаладағы белгілі бір сөз табына жататын бірліктер үшін дәстүрлі түрде таңдалып алынатын грамматикалық тұлға» түрінде анықтама береді [1]. Біз осы шікірді негізінен қолдай отырыш, негізгі сөздік тұлғаның сөз табына жататын бірліктермен қатар «түрлі сөз категориялары мен тоштарына жататын бірліктер үшін» де таңдалып алынатын тұлға болуын жөн санаіммыз. Соңықтан қазақ лексикографиясында осы екі мағынада қолдануды ұсынамыз. Қазақ тілінің екі томдық түсіндірме сөздігінің кіріспесінде: «...Осындай екі-үш түрде айтылатын сөздің әдеби тілде көбірек кездесетін вариантын негізгі реестр сөз етіш алдық» деген жолдар кездеседі. Бұл жерде негізгі сөздік тұлға туралы сөз болыш отырғаны анық. Көп томдық

түсіндірме сөздіктің бірінші томындағы кіріспеде: «...қазақ тілінде сөз тудырудың амал-тәсілдері де, олардың қалыштасқан түр-түрлері де аса мол болуына байланысты олардың қандай түрлерін лұғаттық мақалаға тірек сөз я тірек форма ету жайындағы мәселе - қазақ лексикографиясының тәжірибесінде түбегейлі анықталмаған мәселе» деген сейлем кездеседі [2.15]. Осындағы лұғаттық мақалаға тірек сөз, лұғаттық мақалаға тірек форма тіркестерінде де негізгі сөздік тұлға туралы сөз болып отырғаны белгілі. Негізгі сөздік тұлға боларлық форма таңдауда қандай өлшемдердің негізге алынуы қажет деген мәселең тілдің грамматикалық құрылышындағы ерекшеліктерді ескере отырыш шешу қажет. Оndай тұлғаның тілдегі дәстүр бойынша белгіленетін кездері де болады. Мәселең, түркі тілдеріндегі етістіктердің негізгі сөздік тұлғасына назар салар болсақ, қыргыз, алтай, чуваш тілдерінде бүйрық райлы түбір етістіктер (жаз-, ал-, бар-), ал түрік, өзбек, үйғыр, азербайжан тілдерінде - мақ тұлғалы етістіктер, хақас тілінде етістіктің барыс жалғаулы түрі қолданылады.

Түркі тілдеріндегі етістіктердің табиғатын арнайы зерттеген түркітанушы-ғалым М.Оразовтың еңбегінен түркі тілдерінде қымыл атауларының бірнеше нұсқалары қосарлана жүретінін аңғарамыз. Мәселең, қарақалпақ тілінде – у, – мақ; ноғай тілінде – мақ, – мек, – ыс, – ис, – ув, – уъв, – гы, – ги; құмық тілінде – мақь, – мек, – ыв, – ив, – ув, – үв; қарачай-малқар тілінде – ръя, – ргъе, – мазғъя, – мезге; татар тілінде – у, – рға, – ргә, – маска, – мәскә; башқұрт тілінде – у, – ү, – мақ, – мәк; алтай тілінде – у, – ү, – ыщ, – иш; қыргыз тілінде: – oo, – ыщ, – мақ, – гы; өзбек тілінде: – ыщ, – иш, – ув, – мок; үйғыр тілінде: – у, – мақ, – мәк; түркмен тілінде: – ыщ, – иш, – ас, – ес, – мақ, – мек; азербайжан тілінде: – мақ, – мек; гагауз тілінде: – дық; қарайым тілінде: – ма, – мах; тоғалар тілінде: – р, – бос т.б. Салыстыра қарайтын болсақ, қымыл атауы қосымшасы ретінде, негізінен – гу, – гү, – ув, – у; – мақ, – мек; – ыщ, – иш, – ыс, – с және – рға, – ргे қосымшалары қолданылады [3.220]. Сөздік жасау кезінде осылардың біреуіне басымдылық беріледі. Э. Умаров сөздікке байланысты мақаласында Н.Юсуфхужаеваның өзбек тілінің түсіндірме сөздігін жасауда – ыщ, – иш, – ув, – мок жүрнәктарының ішінен – мок аффиксінің басқы сөзде алғанын құттатаған [4.11].

Екітілді азербайжан және 1945 жылдан бері тогыз рег жаңартылып, түзетулер енгізіліп басылған түрік тілінің түсіндірме сөздіктерінде – мақ тұлғасының төмендегідей көрініс ташқанын көреміз. ВАРМАГ. Доходить, достигать, достичь [5.78], *Varmag* f. 1- *Gitmek, ulaşmak, gelmek, gelip ulaşmak, varmak...* [6.1195]. *buruşmak* (*usz*) 1. *Düzungülübü bozulmak, üzerinde kırışık ve katlamalar olmak....* [7.362].

Қазақ лексикографиясының тарихына көз жүгіртер болсақ, Ю.Клаэрот [8], Е.Букин [9], И.Лаштев [10] сөздіктерінен -мақ тұлғасын, Н.И.Ильминский сөздігі [11] мен «Қазақша - орысша сөздікте» [12] бүйрық райлы тұлғаны, Т.Бокин сөздігінде [13] етістіктің I және III жақ тұлғаларын көреміз. Сөздіктердің біразында түйік етістік тұлғасын байқауға болады. Жекелеген хрестоматиялар мен орысша - қазақша сөздіктерде -ар/-ер, -уга/-уге тұлғалары кездеседі. Бұл

## А.Байниязов. Түркі тілдері сөздіктерінде етістіктердің ...

кездейсоқ құбылыс емес. Қазақ тілінде, шынында да, осы аталған тұлғалардың барлығы да бір кездері қолданыста болған, тіпті қазіргі кезде де ұшырасатындары бар екендігі анық. Ұлы Абайдың өлеңдері мен қарасөздерінде - мақ (Жаздым ұлғі жастарға бермек үшін) [14; 15] және -ар, (-ер, -р) тұлғаларының бұл қызметте қолданылуы ақынның халық тілін сарқа пайдаланғанын көрсетеді [16.15]. Махамбет өлеңдерінде де -ар/-ер, -арға/-ерге, -уга тұлғалы етістіктердің қолданысы жиі байқалады [17]. Солай бола тұра, сөздіктерде етістік атаулының бір негізгі сөздік тұлғамен берілуі міндет екендігі анық.

Он бес томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» атты еңбекте сөздіктे түбір, туынды түбір, етістіктер сөздік мақаланың тақырыбы ретінде алынып, мағыналары ашылып көрсетілетіндігі және етістіктердің қай етіске жататыны түсіндірmedе байқалыш тұруға тиістігі айтылып, етістерді де нөлдік тұлғада берген. АЙМАЛАС = ет. Сүйісу, құшақтасу, өбісу. [18.23]. Көшшілкітің қолдануына ыңғайлы етіп шығарылған 1-томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» де етістіктердің нөлдік тұлғада жұмысалғанын көреміз. ГУЛЕ 1. Гу-гу дыбыс, үн шығару; үілдеу... [19.180]. 50 мың сөзден тұратын, жалпы редакциясын Р.Ф.Сыздықова мен К.Ш.Хұсайын басқарған «Қазақша-орысша сөздік» атты қомақты еңбекте бүйрек рай тұлғасында берілгенін көреміз. БАҒАЛА – 1) определять стоимость; назначать цену, оценивать *что-либо* ... [20.109]. 32 мың сөз бен сөз тіркесінен тұратын «Қазақша-түрікше сөздікте» де нөлдік тұлғада берілген. ГУЛЕ – (guvle-) ет. Ses çıkmak, uğuldamak: Жел гулеп түр Rüzgar uğulduyor. [21.90]. Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде етістіктер бүйрек рай тұлғасында берілген. Осы шешімді дұрыс деп ойлаймыз. Себебі бұл контекске байлаусыз, нөлдік тұлға. Сонымен бірге, сөздікте етістіктің түйік райлы тұлғасы да міндетті түрде берілу керек екендігін айтуда керек. Себебі ол қымыл атауышың көрсеткіші, процестің атавы, етістік пен есім арасындағы көшір іспеттес тұлға» [22]. Дегенмен екітілді кейбір сөздіктерімізде және тіл үйрету оқулықтарының соңындағы жиі қолданылатын сөздер сөздігінде – у тұлғасында беру үрдісі басым. Бұл авторлардың өзге ұлттың өкілдеріне тіл үйрету барысында қазақ тілінің етістіктерін түйік рай түрінде берілгені дұрыс деген көзқарастарынан туындауы да мүмкін (Б.А.). АДЫМДАУ шагать; адымдаш өлшеу мерит шагом [23.13], кеңейту – расширять [24. 574].

Жоғарыда айтылғандай, туыстас тілдерінің (қыргыз, алтай, чуваш) сөздіктерінде нөлдік тұлғаның пайдаланылып келгені мәлім. Бұл тұлғаны түркі лексикографиясында бірінші больш қолданған ғалым – В.В.Радлов [25]. XX ғасырда жасалған қазақ сөздіктерінің көбісінде, атап айтқанда, екі томдық түсіндірме сөздікте, он томдық түсіндірме сөздікте, Х.Махмудов пен F.Мұсабаевтың «Қазақша-орысша сөздігінде», екі томдық «Орысша-қазақша сөздікте» негізгі сөздік тұлға – у тұлғалы түйік етістік формасы болды. В.П.Берков негізгі сөздік тұлғаны таңдаудың үш түрлі жолын көрсетеді. Ғалымның айтудынша, біріншіден, мұндай тұлға ретінде ең контекске тәуелсіз,

сейлемнен тыс қолданылу мүмкіндігі мол тұлға алынуы керек. Екіншіден, морфологиялық тұрғыдан қарастырганда, мұндай тұлға дыбыстық құрамы жағынан да, графикалық жағынан да өзімен түбірлес сөздердің негіздерімен сәйкес келетіндей нөлдік тұлғада болу керек [26]. Алғашқы екі өлшем бойынша ең тиімді тұлға – бүйіркы райты түбір етістік.

Етістіктің негізгі сөздік тұлғасы ретінде латын лексикографиясында – осы шақтағы жекеше бірінші жақ көрсеткіші, арабтарда – өткен шақтағы жекеше үшінші жақ, ағылшын, француз тілдерінде – инфинитив, бірқатар түркі тілдерінде – мақ/мек, татар және башқұрт тілдерінде – тұйық етістіктің –у тұлғасы қолданылып келеді. Өткен гасырдағы қазақ сөздіктерінде де негізінен осы тұлға қабылданған еді. Біз бұл тұлғаның басташқы кезде инфинитивтің баламасы ретінде алынған болар деген ойдамыз. Қазақ тіліндегі қайпсылық: -у тұлғасының қымыл есімдері тұлғасымен сәйкес келуі. 1999 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің сөздігінде» етістік нөлдік тұлғада берілді. Біз өз тараҧымыздан осы пішімді жөн санаймыз.

#### **ӘДЕБІЕТТЕР**

1. Карпович А.Е. О лексикографической терминологии // Современная русская лексикография / Сб. ст. – Л., 1977. – 210 с.
2. Ысқақов А. Кіріспе сез // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1-том. –Алматы: Фылым, 1974. – 3-22 66.
3. Оразов М. Етістік (грамматикалық формаларының қалыптасуы мен дамуы). Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 2001. – 387 б.
4. Умаров Э. Луғат бўлими/Ўзбек тили ва адабиёти. Тошкент: Фан нашриёти, 2006 – 100.
5. Азербайджанско-русский словарь. Баку: Азербайджанское Государственное издательство, 1985. – 418 с.
6. Azerbaycan Türkçesi Sözlüğü. İstanbul, 1994. I,II - cilt. – 1292 s.
7. Türkçe Sözlük. Ankara: TDK-Türk Dil Kurumu, 1988. I,II - cilt. – 2523 s.
8. Томанов М., Малбақов М. Г.Ю.Клапрот қазақ тілі жайында // КР ҰFA Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 1989. – №1. –3-9 66.
9. Букин И. Русско-киргизский и киргизско-русский словарь. – Ташкент, 1883. – 240 с.
10. Лаптев И. Материалы по казак-киргизскому языку. – М., 1900. – 120 с.
11. Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизского наречия. –Казань, 1861. –160 с.
12. Киргизско-русский словарь. – Оренбург, 1897. – 240 с.
13. Бокин Т. Русско-киргизский словарь. – Верный, 1913. – 50 с.
14. Абай. Қалың елім, қазағым. –Алматы: Атамұра, 2002. – 224 б.
15. Абай. Қарасөз, поэмалар. –Алматы: ЕЛ, 1993. – 272 б.
16. Сыздықова Р. Абай шығармаларында –ар (-ер,-р) жүрнақты тұлғаның қолданылуы// КССР FA Тіл мен әдебиет институтының енбектері. – Алматы, 1959. 1-том. – 67 б.
17. Махамбет. –Алматы: Арыс, 2001. – 160 б.
18. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық Құраст. Т.Жанұзақов, С.Омарбеков, Ә.Жұнісбек және т.б. – Алматы: Арыс, 2006. 1-том. – А – А. – 752 б.
19. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
20. Қазақша-орысша сөздік. Редакциясын басқарған Р.Ф. Сыздықова, К.Ш.Хұсайын. Алматы:

## **A.Байниязов. Түркі тілдері сөздіктерінде етістіктердің ...**

---

Дайк-Пресс,

2002. – 1008 б.

21. К.Коч, А.Байниязов, В.Башкапан. Қазақша-түрікше сөздік. Түркістан: Тұран, 2003. 637 б.
22. Малбақов М. Қазақ тілі түсіндірме сөздігінің құрылымдық негіздері: филол. ғыл. докт. ...дисс.: 10.02.02 –Алматы, 2003. – 357 б.
23. Казахско-русский и русско-казахский словарь/Сост. П.В. – Костанай: ТОО Центрально-Азиатское кн. изд., 2008. – 820 с.
24. Бектурова А.Ш., Бектуров Ш.К. Казахский язык для всех. Алматы: Атамура, 2004. – 720 с.
25. Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. Т. - 1- 4. СПб, 1893-1911.
26. Берков В.П. Вопросы двуязычной лексикографии. – Л., 1973. – 190 с.

### **REZUME**

**BAYNIYAZOV A. (Turkistan)**

### **THE USAGE OF VERB ITEMS IN DICTIONARIES OF TURKISH LANGUAGES**

The article deals with verbs which are used sometimes as vocabulary items – in zero forms, sometimes in: - y, - мақ, - ap forms in Turkish dictionaries. The author writes about the usage of the verbs and expresses his own viewpoint in Kazakh lexicography.